

«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК

Хаттама №3

Өндірістік кеңес отырысы

05.03.2024 ж

Төрайым : Г.Т. Ибышева

Хатшы: Қ.А. Аманбаева

Қатысқандар: 29адам

Күн тәртібі:

1. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу»

ТЫНДАЛДЫ: «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК директоры Г.Т. Ибышева қатысып отырған педагогтарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарының ережелері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарын атап өтті. Сонымен қоса, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қағидаттарын сақтауды ұсынды: заңдылық, педагог адал, әділ, қарапайым болу, әріптестерімен қарым-қатынаста моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту, ата-аналардан сыйлықтар қабылдауға тыйым салуды еске салды. Ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында кез келген заңсыз ақша жинауға сыйлықтар алуға тыйым салу туралы ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізу керектігін ескертті. Ата-аналар стендтері арқылы ақпараттандыру, мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жүргізу қажеттілігін, білім беру ұйымының сайтында, әлеуметтік желілерде материалдар орналасқаны жөнінде айтты.

ШЕШІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру: ата-аналардан кез келген заңсыз ақшалай қаражат жинауға, сыйлықтар алуға тыйым салу.

Төрайым:

Хатшы:



Г.Т. Ибышева

Қ.А. Аманбаева